

Туралы септеулігі зат есіммен, заттанған сөздермен тіркесін, белгілі бір іс-әрекет, оқиға жөнінде айтылғанын білдіреді.

Мысалы:

іссапарға жіберу **туралы** бұйрық (приказ о командировании)

құқық тәртібінің сақталуы **туралы** (о соблюдении правопорядка)

жұмыс қорытындылары **туралы** (об итогах работы)

даму жоспарлары **туралы** (о планах развития)

облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы **туралы**

үстіміздегі жылғы жұмыс нәтижелері **туралы**

жедел медициналық жәрдемді жақсарту шаралары **туралы**

қаражатты тиімді пайдалану **туралы**

ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру **туралы**

тапсырмалардың орындалуы **туралы**

білікті кадрлармен қамтамасыз ету **туралы**

2020 жылға арналған даму жоспарлары **туралы**

ірі инвестициялық жобалар **туралы**

Туралы септеулігі нормативтік құқықтық актілердің атауларында құжаттың жалпы тақырыбы ретінде, сондай-ақ ресми құжаттардың (бұйрықтың, актінің, шарттың және т.с.с.) атауларында журналда тіркеуге арналған тақырып ретінде қолданылады.